

FTAMA 06.77.61

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2022-55-2-46-56>**Естурлиева А.И.<sup>1\*</sup>**

Э.Ф.К., доцент,

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік  
технологиялар және инжиниринг университетіАқтау қ., Қазақстан  
E-mail: estur2@mail.ru**Жеңісхан Д.<sup>2</sup>**

Э.Ф.К., доцент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
университетіНұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: azan\_tanat@mail.ru**Мусина Р.С.<sup>2</sup>**

Э.Ф.К., аға оқытушы

С.Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: rashka\_7878@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстанның экономикалық дамуы үшін адам капиталының маңызы қарастырылды. Қазіргі кезде мемлекеттің дамуында зияткерлік әлеует пен инновациялар, жұмыс күшінің өнімділігі, кадрларды кәсіби даярлау, олардың ұтқырлығы аясындағы сұрақтар мемлекеттік деңгейде күн тәртібіндегі маңызды мәселелер екендігі көрсетілді.

Еңбек ресурстарын бөлу схемасы келтірілген. Қазақстандағы еңбек нарығының кейбір мәселелерін ішкі еңбек көші-қонын құруға бағытталған іс-шаралар аясында шешуге болатындығы атап өтілді. 2017-2019 жылдардағы Қазақстанның еңбек нарығының негізгі индикаторларына талдау жүргізілді. Гендерлік бөліністе жұмыспен қамтылғандардың үлесі анықталды. Нәтижесінде әйелдер мен жастар арасында жұмыссыздықтың пайда болу себептері анықталды. Еңбек нарығын дамыту үшін ұсыныстар берілді.

Қазақстанның экономикалық дамуы үшін адами капитал мен зияткерлік әлеует пен инновацияның маңыздылығын көрсету болып табылады.

Қазақстанның еңбек нарығының негізгі индикаторларына талдау жасау, жұмыспен қамтылғандардың жасы жынысы бойынша үлесін анықтау арқылы әйелдер және жастар арасындағы жұмыссыздықтың орын алу себептері анықтау.

Қазақстандағы еңбек нарығының дамуы кәсіпорындарды сапалы кадрлармен қамтамасыз етеді, оның ішінде: әйелдер және жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептерін анықтау тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Әйелдер мен жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептері анықталды. Еңбек нарығын дамыту және сапалы жұмыспен қамтамасыз ету бағыттары ұсынылды. Ол үшін жұмыс күшінің дамуын болжаудың ұлттық жүйесін құру; жұмыс берушілер қызметкерлердің білімі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды бекітетін ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру; формальды және нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу; еңбек делдалдығының тиімді моделін құру секілді ұсыныстар келтірілді.

**Түйін сөздер:** еңбек нарығы, адам ресурсы, жұмыссыздық, жұмыс күші, әйелдердің жұмыссыздығы, жастар арасындағы жұмыссыздық.

### ■ КІРІСПЕ

Қазіргі Қазақстанның негізгі міндеттерінің бірі білімге негізделген және ғылымды қажетсінетін салаларды дамытуға байланысты инновациялық экономиканы қалыптастыру болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясындағы ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі – қазіргі білім беру, кадрлар-

ды даярлау және қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары ретінде білім мен кәсіби дағдыларды дамыту [1]. Сонымен қатар, адами капитал мәселесі Н.Ә. Назарбаевтың 2021 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауындағы басты мәселелердің бірі: онда «адами капитал – жаңғырту негізі» деп көрсетілген [2]. Бұл Жолдауда әлемдік экономикада болып жатқан үрдістерге байланысты елімізде технологияларды дамыту, әсіресе сандық және адами капиталды дамыту сияқты факторлардың маңыздылығы атап көрсетілген. Дәл осы салада әлемнің алдыңғы қатарлы елдері арасында негізгі бәсекелестік дамиды [3]. Аталған құжатта төртінші өнеркәсіптік революция беретін сын-қатерлерге және жаңа мүмкіндіктерге табысты бейімделуі үшін шешілуі қажет барлық атқарушы билік алдына 10 нақты міндет қояды.

Қазақстан Мемлекеттік органдар белгілеген негізгі бағдарларға қол жеткізу мақсатында оларды қолдау үшін ғана емес, сонымен қатар әлемдік экономиканың ең дамыған 30 елінің қатарынан көріну үшін одан әрі жеделдету және жоғары жылжыту үшін де үлкен перспективалық бағыттарда жұмыс жасауы тиіс.

Әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіру мақсаттарына қол жеткізу үшін қазақстандықтарға өзінің дүниетанымын, дағдылары мен біліктерін өзгерту, жаңа білімді меңгеру, яғни адам капиталының жаңа, әрі сапалы құрамына қол жеткізуі қажет.

### ■ Әдеби шолу

Жұмыссыздық және жұмыспен қамту жүйесінің жағдайы мен даму перспективаларын бағалау мәселелері, қазіргі жағдайда әлеуметтік экономикасының мәселелері, оның нарықпен өзара әрекеттесуі, мамандар мен білікті жұмысшыларға сұранысты болжау мәселелері қарастырылды. отандық және шетелдік атақты ғалымдар.

### ■ Әдіснамасы мен нәтижесі

Елдің одан әрі дамуы Қазақстандық әрбір адамнан ойлауды мүлдем өзгеше ұйымдастыруды, жылдам және заманауи талаптарға сәйкес тез бейімделуге қабілетті адам ресурстарының болуын қажет етеді. Себебі қазіргі жаһандық талап жаңа өзгерістерді қажет ететін жаңа әлемдік трендтердің әсерінен өтетін болады. Егер бұрын елдердің артықшылықтары табиғи ресурстармен, жаһандық нарыққа тікелей шығумен, арзан жұмыс күшімен анықталса, бүгінде бірінші орынға зияткерлік әлеует пен инновациялар, жұмыс күшінің өнімділігі, яғни кадрларды кәсіби даярлау, олардың ұтқырлығы – мемлекетті алдыңғы қатарлардан көрсететін басты көрсеткіш.

Қаргі кезде адам капиталы XXI ғасырдағы дамудың жаңа парадигмасы алдыңғы қатарлы елдерде «бәсекеге қабілетті ел – бұл бәсекеге қабілетті адамдар» қағидаты бойынша стратегиялық шараларды әзірлеуге кірісті. Оның басты дәлелі – соңғы жылдарда білім беруге инвестициялар ұлғаюда. 2020 жылы әлемдік көшбасшылардың ең үздік 500 тобына кіретін компаниялардың үштен бірі өз қызметкерлерін оқыту мен қайта даярлауға арналған бюджеттерді арттырған.

Қазіргі кезде еңбек нарығындағы жағдай біршама өзгерген. Жоғары білікті қызметкерлерге сұраныс күрт өсуде. «Таланттар экономикасының» феномені айқын көрініс тауып отыр, жолдауда көрсетілгендей: талант енді капиталға қарағанда қымбатқа түсті, өйткені өзі капиталды жасайды. Осы жаңа трендтің салдарынан әлемде таланттар үшін «күрес» пайда болды. Жаһандық өтпелі кезеңнің ерекшелігі – барлық мемлекеттер адамдарға, адам капиталына баса назар аударды. Әлемдік бәсекеге қабілеттіліктен ұтылмау үшін Қазақстан әлемдік шындық пен сын-қатерлерге барабар адами капиталдың жаңа сапасына қол жеткізуі тиіс [2].


Постиндустриалды қоғамда адами капитал ең құнды ресурс болып табылады және де табиғи немесе жинақталған байлыққа қарағанда әлдеқайда маңызды. Қазірдің өзінде дамыған елдерде адами капитал экономикалық даму мен ғылыми-техникалық прогресс қарқынын алдын ала айқындайды. Алайда қазіргі жағдайдың парадоксы Қазақстанның экономикалық өсу мүмкіндіктері (табиғи-ресурстық әлеует, бірегей геосаяси жағдай, қоғамның білім деңгейі) мен ұлттық экономиканың нақты жай-күйі арасында айқын сәйкессіздік байқалады.

Дамудың инновациялық жолына көшу адамның өндірістік күштерінің тиісті дамуын білдіреді. Елде инновациялық элементтер мен дамудың инновациялық жолына көшу үшін бірқатар белгілі алғышарттар бар екеніне қарамастан, инновациялық экономиканы құру әлі де ұзақ мерзімді перспективада қалып отыр. Қазақстандық экономикадағы дағдарыс құбылыстары көбінесе еңбек және адами капиталды пайдалану саласындағы теріс құбылыстармен ұштасады.

Әлемнің көптеген елдері үшін дамудың басым бағыты ретінде адами капиталды тиімді қолдану және жетілдіру болып табылады. Себебі дәл осы адам капиталы ұлттық экономиканың өмір сүру сапасы мен тиімділігінің өсуіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта еңбек нарығында адам капиталы ретінде ұсынылған еңбек ресурстарын дамыту мәселесі ең өткір сұрақ болып отыр [4].

Соңғы жылдары экономиканың өсу қарқынының баяулауы мұнай мен басқа да шикізат бағасының төмендеуімен ғана емес, экономикада жұмыспен қамтылғандар санының азаюымен де қатар жүріп отыр.

Қазақстандағы еңбек нарығындағы жағдайды ескерсек 2010-2013 жылдар аралығында жұмыспен қамтылғандар саны орташа есеппен жылына 170 мыңға өскен, ал 2017 жылдан бастап жұмыспен қамтылғандар саны орташа есеппен жылына 8 мыңға қысқарды. Соңғы жылдардағы жұмыспен қамтылған халықтың төмендеуінің себебі демографиялық өзгерістер, еңбек нарығының сәйкессіздік және экономикалық проблемалар болып отыр. Халықаралық өлшемдер бойынша Қазақстанда 15-64 жастағы еңбекке қабілетті адамдарға қатысты жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 73 % жоғары деңгейде тұр, бұл дамыған батыс елдерінің деңгейіне сәйкес келеді. Жұмыспен қамтудың осы жоғары мәні өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жоғары үлесіне байланысты, оның үлесі жұмыспен қамтылған халықтың 23 %-н құрайды, ал дамыған елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесіне барлық жұмыспен қамтылғандардың 10 %-ы ғана келеді (1-сурет).



**1-сурет.** Еңбек ресурстарын бөлу схемасы (2019 ж.)

*Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі екі мың адамнан бастап, одан кейін біртіндеп төмендейді. Ол жалпы жұмыспен қамтылудың 45 %-на тең болған, ал қазіргі кезде бұл көрсеткіш 25 %-ға дейін төмендеген. Өз бетінше жұмыспен қамтылған халық санының төмендеу үрдісі 2013 жылдан бастап байқалады, өйткені іскерлік белсенділіктің баяулауы жағдайында жеке кәсіпкерлерге өз ісін жүргізу қиынға соқты. Сарапшылардың мәліметінше, 2017 жылдың екінші жартысынан бастап, әр үш ай сайын Республиканың 50 мыңнан астам тұрғыны өз ісін жауып, жалдамалы қызметкерлер санатына ауыса бастады.

Салыстыру үшін келесі ақпараттарды ұсынуға болады: дамыған елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлес салмағы 12-14 % шамасында. Мысалы, Францияда бұл көрсеткіш 11 % құрайды, Германияда – 11,6 %. Ұлыбританияда – 14,6 %, Норвегияда, Австрияда және АҚШ-да – 5-8 %. Мексикада, Түркия мен Кореяда бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары (25 %). Бұл елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі сауда, қонақ үй бизнесі, қоғамдық тамақтану саласында шоғырланған. Бұл ретте мұндай үлесті сақтауға франчайзингтің және осы салаларда өндірісті ұйымдастырудың қосалқы келісім-шарттық нысандарының таралуы ықпал етеді.

Соңғы жылдары өзін-өзі жұмыспен қамту өсімінің неғұрлым жоғары қарқыны білікті еңбек үлесі жоғары салаларда, оның ішінде іскерлік және әлеуметтік қызметтер саласында байқалды. Сонымен қатар, Қазақстан еңбек нарығында және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) еңбек нарығында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуында өзін-өзі жұмыспен қамтыған әлеуметтік топтардың ауқымы мен сапалық құрамы көрсеткіштерінің едәуір ауытқуы байқалады. Мысалы, егер постиндустриялық елдердегі өзін-өзі жұмыспен қамту жоғары білікті еңбектің елеулі үлесімен сипатталса, Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамту негізінен қарапайым ауыл шаруашылығы еңбегі мен олармен байланысты бөлу қызметтері болып табылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым бөлігін дербес қызметкерлер құрайды, олардың үлес салмағы 67,7 %-дан 72,2 %-ға дейін ұлғайды. Бұл өз бетінше жұмыспен қамту негізінде жұмыс істейтін және тұрақты еңбек ресурстарын немесе қызметкерлерді жалдамайтын адамдар. Мұндай қызметкерлердің басым бөлігі жеке жұмыс істейді, ал қалғандары жеке аулада өнім өндірумен айналысады. Дербес қызметкерлер қалаларда (1,5 % өсім) көп, ал ауылдық жерлерде (15,6 % төмен) аз болды [3]. Бұл ауылдық жерлердегі өмір сүру деңгейінің төмен болуына және олардың материалдық жағдайын жақсарту мақсатында ауыл тұрғындарының қалаға кетуімен түсіндіріледі. Өйткені, бұл табыстар ең төменгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға ғана жетеді, ал басым бөлігі әлеуметтік қорғау жүйесімен қамтылмаған. Бірақ мұндай үрдіске қарамастан, статистикалық мәліметтерге сәйкес, республикада өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың 60 %-дан астамы ауылдық жерлерде тұрады [4].

Еңбек нарығын дамыту мақсатында мемлекеттік деңгейдегі басты шаралар ішкі еңбек көші-қонын құруға бағытталған. Елдің оңтүстігінде халықтың тығыздығы жоғары екендігі белгілі, бос орындар аз. Ал еліміздің солтүстігінде жұмыс күшінің үлкен тапшылығы бар. Осы орайда Қазақстандағы вахталық әдіспен жұмыс істеу-проблемалық жағдайдан шығудың бір тетігі болып табылмақ.

Қарапайым жұмыс мамандықтары бойынша адамдардың жетіспеуінің негізгі себептері: біріншіден, қарапайым кадрларды даярлайтын кәсіптік техникалық білім беру мекемелерінің жабылуы, екінші жағынан, жастардың қарапайым жұмысшыларға үйренгісі келмеуі-барлығы менеджер және заңгер болғысы келеді.

Қазақстанда соңғы жылдары жұмысқа қабілетті адамдардың төрттен үш бөлігі жұмыс жасайды, яғни халықтың шамамен 25 % белсенді емес. Халықтың белсенді емес санатының негізгі тобын студенттер, зейнеткерлік жастағы адамдар және қандай да бір себептермен жұмыс істемейтін адамдар құрайды.

Халықтың қандайда бір себептермен жұмыс жасамайтын тобы келесі себептерден қалыптасуы мүмкін: көлеңкелі экономиканың елеулі үлесі, біліктілік (білім беру) деңгейінің нарықта сұранысқа ие мамандықтарға сәйкес келмеуі, баяу урбанизация, бірінші кезекте ауылдық жердегі көлік инфрақұрылымдарына қолжетімділіктің болмауы себебінен еңбек нарығындағы икемсіздіктердің орын алуы.

Кез келген елдегі сияқты Қазақстандағы жұмыссыздық халықтың әр түрлі топтарының арасында біркелкі бөлінбейді. Барлық жас топтары бойынша жұмыссыз әйелдер – 55,7 % құрайды (1-кесте) [5].

**1-кесте. 2019 жылдың 4 тоқсанындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары**

	Барлығы	оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыс күші, мың адам	9 214,8	4 748,5	4 466,3
15 және одан жоғары жастағы халық санындағы жұмыс күшінің үлесі, пайызбен	70,2	76,6	64,5

	Барлығы	оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 773,4	4 548,1	4 225,3
Жұмыспен қамту деңгейі, пайызбен:			
15 және одан жоғары жастағы халыққа жұмыс күшінің саны	66,8	73,3	61,0
Жұмыссыз халық, мың адам	95,2	95,8	94,6
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	441,4	200,4	241,0
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4,8	4,2	5,4
15-28 жастағы жұмыссыздар, мың адам	81,1	38,4	42,7
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	3,7	3,3	4,1
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	3 915,6	1 454,3	2 461,3
Жұмыс күшінің құрамына кірмейтін тұлғалар	29,8	23,4	35,5
Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған			

2019 жылдың IV тоқсанда жалпы еңбекке жарамды халықтың ішінде 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күші 9,2 млн. адамды құрады. Республика бойынша 8,8 млн. адам жұмыспен қамтылған. 15 және одан жоғары жастағы халықты жұмыспен қамту деңгейі 66,8 %-ды құрады және 2021 жылдың IV тоқсанымен салыстырғанда 0,2 %-ға азайды. Жұмыссыздар саны 441,4 мың адамды құрады, жұмыссыздық деңгейі – 4,8 %.

Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санында 6,7 млн. адам немесе 76% жалдамалы қызметкерлер; 1,5 млн. адам – жеке кәсіпкерлер; 2,9 мың адам – жеке практикамен айналысты, 14,2 мың адам – шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшылары (қатысушылары), акционерлік қоғамдардың акционерлері, сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері, 539,9 мың адам-тәуелсіз қызметкерлер болды.

Жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігі өз қызметін сауда (16,3 %), ауыл шаруашылығы (13,4 %), өнеркәсіп (12,5 %), білім (12,7 %) сияқты экономикалық қызмет түрлерінде жүзеге асырды. Жоғары және орта кәсіптік (арнайы) білімді 7,2 млн. адам алды, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 82,5 %-ы. Жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі жұмыспен қамтылған ерлердің үлесімен салыстырғанда 5,6 %-ға жоғары. Жұмыспен қамтылған халықтың негізгі үлесін – 64,6 %-н (5,7 млн. адам) 29-54 жастағы тұлғалар құрады. Жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеген және оған кірісуге дайын 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 2019 жылғы IV тоқсанда 441,4 мың адамды құрады. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,8 % деңгейінде болды. (2021 ж. IV тоқсанда – 4,8 %).

2017-2021 жылдар аралығындағы еңбек нарығының негізгі индикаторларын келесі кестеден көруге болады ( 2 кесте).

**2-кесте. 2017-2021 жылдардағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары**

	2017	2018	2019	2020	2021
Жұмыс күші, мың адам	9109,9	8887,6	8998,8	8969,8	9146,1
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8651,1	8433,3	8553,3	8530,8	8704,0
Жұмыссыз халық, мың адам	458,8	454,2	445,5	439,0	442,1
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	5,1	5,0	4,9	4,8
Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған					

2-кестенің деректерін талдай отырып, еңбек нарығының индикаторлары бойынша келесідей қорытынды жасауға болады: жұмыс күшінің саны 2017 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 36,2 мың адамға артқан. Осы кезеңдер аралығында жұмыссыздық деңгейі 0,2 %-ға төмендеді. Егер жұмыссыз халықты жынысы бойынша қарастыратын болсақ, әйелдердің үлесі бойынша азаю үрдісі бар, ал ерлердің үлес салмағы ұлғаюда.

2017-2021 жылдар аралығындағы жұмыссыз халықты жынысы бойынша келесі мәліметтер аясында талдауға болады (3 кесте).



**3-кесте.** 2017-2021 жылдардағы жұмыссыз халықты жынысы бойынша бөлу

	2017	2018	2019	2020	2021
Жұмыссыз халық, мың адам	451,9	454,2	445,5	442,3	443,6
Оның ішінде					
Ерлер	195,9	199,6	203,9	205,3	202,1
Әйелдер	256,0	254,7	241,6	237,0	214,6
Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған					

Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі келесі себептерге байланысты:

- еліміздегі техникалық мамандықтарға немесе ауыр физикалық жұмыстарға сұраныстың көп болуы. Көбінесе әйелдер қауымы техникалық мамандықтар бойынша сұранысқа ие емес және мұндай еңбекке төзімді бола бермейді;
- көп жағдайларда жұмыс берушілердің бос орынға кішкентай балалары бар әйелді алмауы. Олар балаға күтім жасау бойынша еңбекке жиі кетеді және үнемі сұранады деп есептейді;
- балаларды бақшадан алып үлгеру үшін әйелге қолайлы кестемен жұмыс табу қиын;
- медальдің екінші жағы – жұмыс берушілер баласыз әйелді алғысы келмейді, себебі ол декреттік демалысқа кетуі мүмкін деп есептейді. Балаларсыз әйелдерге жұмысқа тұру сәл оңай, бірақ жас баласы бар әйелдерді жұмысқа қабылдау кезінде басшыларда жиі негативтік жағдайлар қалыптасады. Табысты мансапты тек әлсіз жыныстағы өкілдердің шағын санына салу мүмкін емес [6;7].

Жұмыссыз тапты құрайтын тағы бір үлкен топ-25 жасқа дейінгі жастар, мұндай көрініс жұмыс күшіне деген сұраныспен ғана емес, ізденушілердің жеке сұранысымен түсіндіріледі. 2020 жылдың екінші жартысында Қазақстан халқы 18 млн. адамға ауысты. Бұл халықтың өсу үрдісінің сақталғанын көрсетеді. Алайда халықтың жас құрылымы маңызды өзгерістерге ұшырайды – бала туудың құлдырауы және өткен ғасырдың 90-жылдары халықтың жаппай кетуі салдарынан 15-64 жастағы еңбекке қабілетті жастағы халық саны азайды. Бұл шамамен 15-25 жас аралығындағы жастар санының қысқаруына әкелді, бірақ 15 жасқа дейінгі балалардың артып отырғанын көруге болады (4 кесте).

**4-кесте.** Қазақстан Республикасындағы жұмыссыз халықты жасы бойынша бөлу

	2017	2018	2019	2020	2021
Жұмыссыз халық, мың адам	451,9	451,1	445,5	442,3	443,6
Оның ішінде, жасы: 15-24	50,5	53,8	44,1	38,6	36,9
25-54	363,1	354,7	362,0	357,8	355,3
55-64	38,2	42,4	38,6	45,6	51,2
65 және одан жоғары	-	0,2	0,8	0,3	0,1
Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған					

4 кестеде Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық халықтың жас құрамы бойынша бөлінген. Осылардың ішінде жастар арасындағы жұмыссыздыққа ерекше тоқталып, оның басты себептерін келесі жағдайлармен түсіндіруге болады:

- жоғары білім алуға жаппай ұмтылу ұзақ оқуға әкеледі. Кем дегенде 21 жасқа дейін жастар әлі оқиды;
- көптеген ата-аналар балаларының болашағы үшін уайымдап, оларға оқумен бір мезгілде жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді;

– біліктілігі төмен немесе жоқ, бірақ еңбек күші қажет болатын көптеген ұрпақ пайда болды. Ал қазіргі еңбек нарығындағы басты талап - жылдам қарқынмен жоғары өнімділік. Бұл жерде жастар ынталы түрде қабылдайды, бірақ көбі жүктемеге төтеп бере алмайды, нәтижесінде жұмыссыз мәртебесіне қайта оралады;

– жастарға қызмет алу үшін қажетті бастапқы стаж алу оңай емес, ал компаниялар керісінше, жоғары білікті еңбек ресурстарын қажет етеді, олар көбінесе еңбек өтілі мен қажетті дағдысы бар қызметкерлерді алады;

– жастар арасында жұмыссыз мәртебесі бойынша жұмысты іздеуді және оны табуды ұзақ уақытқа созатын жанға жайлы жұмыс табу ниеті танымал;

– қазіргі жастар жоғары жалақы перспективасымен беделді мамандық алуға ұмтылуда. Бұл қаржыгер, экономистер, менеджерлер, заңгерлердің үлкен санын құрды. Сонымен қатар, бірде-бір қарапайым жұмыс мамандықтарын алғысы келмейді, ол салаларда кадрлардың үлкен тапшылығы пайда болды [7].

### ■ Қорытындылар мен ұсыныстар

Жалпы алғанда Қазақстандағы жаппай (жасырын, бейресми) жұмыссыздықтың нақты себептері келесідей [8]:

1. Қазіргі кезде көптеген оқу орындары (жоғары оқу орындары (ЖОО), колледждер, кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері) практикалық біліктілігі төмен кадрларды даярлай бастады. Нәтижесінде түлектер мамандығы бойынша бірден жұмыс таба алмайды. Кейбір оқу орындары білім беру кезінде практикаға көңіл бөлмей, теоретиктерді дайындағанымен, жұмыс табу мәселесі тікелей жастардың өзіне байланысты. Жас мамандар білім алу барысында оқу орнын аяқтағаннан кейін немен айналысатынын (қандай жұмысты орындайтын) өзі зерттеуі қажет. Сонымен қатар, сапалы емес мамандарды штамптайтын көптеген оқу орындары бар екені жасырын емес. Бұл оқу орындарының филиалдары, оларда сырттай оқу нысаны бар, сол арқылы «жоғары білім» мәртебесіне нұқсан келтіре отырып, сыбайлас жемқорлық орын алып жатады. Осылайша, жоғары білім туралы дипломның (қызыл болса да) болуы бітірушінің жұмыс табатынына (қандай да бір мамандық бойынша) кепілдік бермейді.

2. Ата-аналардың өз балаларына шамадан тыс қамқорлығы. Ата-аналар ЖОО-да оқитын, кәмелетке толған балаларға дербес шешімдер қабылдауға және жарты ставкада жұмыс жасауға рұқсат бермейді. Дегенмен, біз өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы дағдарыстың алшақтығын алып отырмыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ата-аналар қысқартуларға түсіп, оларға уақытында жалақы төлемеген, нәтижесінде олар өз ісімен айналысуға, базарда сауда жасауға мәжбүр болды. Сондықтан олар өз балаларына оқу аяқталғаннан кейін жұмыс табуға көмектесе алмайды, себебі өздері мамандық бойынша жұмыс істемейді, сабақтастық бұзылды.

3. Жұмыс берушілер. Жоғары қарқынмен жылдам өзгеретін заманауи талаптар мен жаһандық өзгерістер, жоғары өмір қарқыны, технологиялар, бәсекелестік, жұмыс берушілерді бастапқыда моральдық-адамгершілік міндеттемелер туралы ұмыта отырып, персоналды оңтайландыруға, жоғары өнімділік пен тиімділікке ұмтылуға мәжбүр етеді. Сондықтан олар 40 жастан жоғары адамдарды, әйелдерді (олардың декретке кетуі мүмкін болғандықтан) жұмысқа алғысы келмейді, керісінше жұмыс өтілі мен тәжірибесі жоқ (көбінесе біліктілігі жоқ) жастарды жинайды, олардың барлық күш-жігерін ала пайдалана отырып, керек болған кезде оларды ойластырылған себеппен еш қиындықсыз жұмыстан босатады және денсаулығына байланысты жиі демалыс алатын адамдарды жұмыстан шығарады.

4. Еңбек нарығындағы мамандардың қажеттілігі. Жас мамандар мен түлектерде (жастарда) моральдық-адамгершілік құндылықтарға қарағанда материалдық құндылықтар басым болып отыр. Рухани құндылықтар ұмыт қалды. Көпшілік жастар ештеңе жасағысы келмейді және бірден көп ақша тапқысы келеді, үлкен бастық болғысы келеді (басқаларға не және қалай жасау керектігі туралы нұсқау беру). Сондықтан олар, әр істеген жұмысын ақшаға бағалайды. Сондықтан жастардың көбі қаржының қайнар көзі есебіндегі мамандықтарды: кеден ісі, банк ісі, қаржы және несие, экономика және менеджмент, аударма ісі, заң, құқық сияқты беделді мамандықтарды таңдап алады. Еңбек нарығы осы мамандықтағы қызметкерлерге көп көңіл бөледі деп есептейді. Беделді мамандықтарға түспегендердің

барлығы медициналық, педагогикалық, ауыл шаруашылығы мамандықтарына түседі. Олардың жалақысы беделді маман иелерімен салыстырғанда біршама төмен. Ал жалақысы және жұмыс талаптары қанағаттандырмайтын мамандар жұмыссыздар қатарын арттырады[9].

5. ЖОО бөлінетін гранттар. Мектеп бітіруші түлектер мамандық таңдау кезінде көбінесе қандай мамандықтарға грантқа түсе алады, соған қарай мамандық таңдайды. Болашақ кезеңде ол мамандыққа сұранысты ескермейді. Нәтижесінде мамандық бойынша диплом алған маман иесі еңбек нарығында сұранысқа ие бола алмаса жұмыссыздар қатарын ұлғайтады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, еңбек нарығын дамыту және сапалы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін келесі бағыттарды бөліп көрсетуге болады [10]:

*Біріншіден*, жұмыс күшінің дамуын болжаудың ұлттық жүйесін құру. Ол бүгінде немесе 5-10 жылдан кейін бізге қандай мамандар қажет және қанша мөлшерде қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді. Болжамдау нәтижелері мемлекеттік білім беру тапсырысының негізі болады.

Осы жұмысты жүргізу үшін Еңбек Министрлігі зерттеу жұмыстарын жоспарлады және қазіргі уақытта Дүниежүзілік банк желісі бойынша халықаралық сарапшылар іріктеліп жатыр.

*Екіншіден*, жұмыс берушілер қызметкерлердің білімі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды бекітетін ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Мемлекет басшысының жолдауы шеңберінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, елдегі барлық негізгі өзекті кәсіптер бойынша кәсіби стандарттарды, кәсіптік стандарттарға сәйкес келетін жаңа білім беру бағдарламаларын қайта қарайтын немесе әзірлейтін болады.

*Үшіншіден*, формальды және нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Қазіргі уақытта өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды формализациялау бойынша Жол картасы әзірленіп, іске асырылуда[11]. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламалар, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен жеке бастамалар шеңберінде өңірлерде іске асырылатын барлық инфрақұрылымдық жобаларды ескеретін өңірлік Жол карталары мен жұмысқа орналастыру картасы әзірленді, онда жұмыс орындары құрылатын болады.

Жол картасы бойынша іс-шаралар келесілерді көздеп отыр:

- өз бетінше жұмыспен қамтылған азаматтардың формальды қызметін ынталандыру және сонымен қатар заңсыз жұмыспен қамтуға қойылатын талаптарды қатаңдату аясында Кәсіпкерлік Кодекспен салық заңнамасына өзгерістер енгізу;

- өз бетінше жұмыспен қамтылған азаматтар үшін жеңілдетілген тіркеуді енгізу, бұл «көлеңкелі кәсіпкерлер» құрамынан тұлғалардың осы санатын алып тастауға мүмкіндік береді. Жаңа экономикаға бейресми және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарды енгізу үшін нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасының құралдары тартылған. Бұл – кәсіптік оқыту, уақытша жұмыс орындары, шағын несиелер, еңбек тапшы өңірлерге қоныс аударуды ынталандыру.

*Төртіншіден*, еңбек делдалдығының тиімді моделін құру. Еңбек нарығы бойынша сұраныс пен ұсынысты біріктіретін цифрландыру аясында бірыңғай электрондық еңбек биржасы жұмысын бастады [12]. Сондай-ақ, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған бағдарламасы әрекет етеді[13, 14]. Бұл бағдарлама 3 бағыт бойынша жүзеге асырылады, оның мақсаты халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болды және келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету;

- жаппай кәсіпкерлікті дамыту;

- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту [15].

Бағдарлама қатысушылары 29 жасқа дейінгі жастар, жұмыссыздар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып табылады.

## ■ Қорытынды

Бұл шаралардың барлығы халықтың жұмыспен қамтылуын тиімді реттеуге мүмкіндіктер береді. Жаңа бос жұмыс орындарын құру әлеуметтік шиеленісті төмендетеді, ал орталықта жаңа мамандық



алу мүмкіндігі кәсіпорындарда жұмыс кадрларының тапшылығы мәселесін шешуде маңызды. Әлеуметтік саладағы даму болашағы жақсы өзгерістерге үміт береді.

### Список использованных источников:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті - Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., Егемен қазақстан. - 2012 жылғы 14 желтоқсан. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050/history> (қарау уақыты: 21.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс).
2. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» ҚР Президенті - Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., Егемен қазақстан. - 2021 жылғы 10 қаңтар. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002021/links> (қарау уақыты: 21.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс).
3. Булхайрова Ж.С., Окутаева С.Т., Женсхан Д.// Modern state and prospects of development of human capital in agriculture of Kazakhstan.- Вестник Туран (серия экономическая). №1(77).-Алматы.-2021. с.61-65, Свидетельство №9394-Ж от 22 июля 2008г. (журнал).
4. Касенов М., Мухамбетова Л., Чимгентбаева Г. «Самозанятое население: проблемы и направления развития»// Экономика и статистика.- 2020.-№ 1.- С.103-110. (журнал).
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті [Ресми сайт]. – 2019. – URL: <https://stat.gov.kz> (қарау уақыты: 18.02.2020) (электронды ресурс).
6. Сколько безработных насчитали в Казахстане в 2020 году. <https://ru.sputniknews.kz/economy/20210328/5070519/bezrobotica-uroven-pokazatel-ehkonomika-kazakhstan.html> (қарау уақыты: 18.12.2019) (электронды ресурс).
7. Асан Курманбеков «Обзор рынка труда Казахстана 2021». [http://www.halykfinance.kz/ru/files/get\\_file/6198/8c55e80dc4e746c045ed5fb3cfa0b5e1](http://www.halykfinance.kz/ru/files/get_file/6198/8c55e80dc4e746c045ed5fb3cfa0b5e1) (қарау уақыты: 18.12.2019) (электронды ресурс).
8. Реальные причины безработицы в Казахстане. Форум казахстанского налогоплательщика. <http://bb.f2.kz/ru/economic/realnye-prichiny-bezroboticy-v-kazahstane-t5662.html> (қарау уақыты: 25.12.2019) (электронды ресурс).
9. Бодаухан К, Мусина Р.С., Садвакасова А.М. Analysis of the Kazakhstan labor market and its development directions// Статистика, учет и аудит. -2019. № 3(74)- с. 68-74. (журнал).
10. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2020 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы, Астана, 2021 ж. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000513> (қарау уақыты: 21.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс).
11. Программа «Дорожная карта занятости 2020» <https://kapital.kz/gosudarstvo/64943/programma-dorozhnaya-karta-zanyatosti-2020.html> (қарау уақыты:10.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс).
12. Реализация Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2020-2021 годы [https://egov.kz/cms/ru/articles/job\\_search/zanyatost\\_2020](https://egov.kz/cms/ru/articles/job_search/zanyatost_2020) (қарау уақыты: 21.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс).
13. Мадина Абылкасымова. «Свыше 300 тысяч безработных трудоустраивают в Казахстане в 2021 году» <http://24.kz/ru/news/social/item/222275-svyshe-300-tysyach-bezrobotnykh-trudoustroyat-v-kazahstane-v-2021-godu> (қарау уақыты: 10.12.2019) (электронды ресурс).
14. Youth employment rate% of youth labour force (15-24) [Электронный ресурс] //International Labour Organization. – URL: [http://ilo.org/global/statistics-and-databa-ses/research-and-databases/kilm/WCMS\\_422439/lang-en/index.htm](http://ilo.org/global/statistics-and-databa-ses/research-and-databases/kilm/WCMS_422439/lang-en/index.htm) (қарау уақыты: 10.12.2019) (электронды ресурс).
15. Economic Report 2019 Edition [Электронный ресурс] // CIETT. – 2019. – URL: <http://www.ciett.org/economicreport2019> (қарау уақыты: 10.12.2019) (электронды ресурс).

### References:

1. «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saiasi baǵyty. QR Prezidenti - N.Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldauy, Astana q., Egemen qazaqstan. - 2012 jylǵy 14 jeltosqan. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050/history> (qarau uaqyty: 21.12.2019) (jarlyq: internet-resurs).
2. «Törtinshi önerkäsiptik revoliusia jaǵdaiyndaǵy damudyñ jaña mümkindikteri» QR Prezidenti - N.Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldauy, Astana q., Egemen qazaqstan. - 2021 jylǵy 10 qahtar. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002021/links> (qarau uaqyty: 21.12.2019) (jarlyq: internet-resurs).
3. Bulhairova J.S., Okutaeva S.T., Jenshan D.// Modern state and prospects of development of human capital in agriculture of Kazakhstan.- Vestnik Turan (seria ekonomicheskaja). №1(77).-Almaty.-2021. s.61-65, Svidetelstvo №9394-J ot 22 iulä 2008g. (jurnal).
4. Kasenov M., Muhambetova L., Chimgentbaeva G. «Samozanätoe naselenie: problemy i napravlenia razvitia»// Ekonomika i statistika.- 2020.-№ 1.- S.103-110. (jurnal).
5. Qazaqstan Respublikasynyñ Ülttyq ekonomika ministrlyǵınıñ Statistika komiteti [Resmi sait]. – 2019. – URL: <https://stat.gov.kz> (qarau uaqyty: 18.02.2020) (elektrondy resurs).
6. Skölko bezrobotnyh naschitali v Kazahstane v 2020 godu. <https://ru.sputniknews.kz/economy/20210328/5070519/bezrobotica-uroven-pokazatel-ehkonomika-kazakhstan.html> (qarau uaqyty: 18.12.2019) (elektrondy resurs).
7. Asan Kurmanbekov «Obzor rynka truda Kazahstana 2021». [http://www.halykfinance.kz/ru/files/get\\_file/6198/8c55e80dc4e746c045ed5fb3cfa0b5e1](http://www.halykfinance.kz/ru/files/get_file/6198/8c55e80dc4e746c045ed5fb3cfa0b5e1) (qarau uaqyty: 18.12.2019) (elektrondy resurs).
8. Reälnye prichiny bezrobotisy v Kazahstane. Forum kazahstanskogo nalogoplatelşika. <http://bb.f2.kz/ru/economic/realnye->

- prichiny-bezroboticy-v-kazahstane-t5662.html (qarau uaqty: 25.12.2019) (elektronny resurs).
9. Bodauhan K, Musina R.S., Sadvakasova A.M. Analysis of the Kazakhstan labor market and its development directions// Statistika, uchet i audit. -2019. № 3(74)- s. 68-74. (jurnal).
10. Nätijeli jümyspen qamtudy jäne jappai käsipkerlikti damytudyñ 2020 – 2021 jylдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimefiniñ 2021 jylғы 13 qaraşadaғы № 746 qaulysy, Astana, 2021 j. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000513> (qarau uaqty: 21.12.2019) (jarlyq: internet-resurs).
11. Programa «Dorojnaia karta zanätosti 2020» <https://kapital.kz/gosudarstvo/64943/programma-dorozhnaya-karta-zanyatosti-2020.html> (qarau uaqty:10.12.2019) (jarlyq: internet-resurs).
12. Realizasia Programy razvitia produktivnoi zanätosti i masovogo predprinimatelstva na 2020-2021 gody [https://egov.kz/cms/ru/articles/job\\_search/zanyatost\\_2020](https://egov.kz/cms/ru/articles/job_search/zanyatost_2020) (qarau uaqty: 21.12.2019) (jarlyq: internet-resurs).
13. Madina Abylkasymova. «Svyşe 300 tysäch bezrobotnyh trudoustroiat v Kazahstane v 2021 godu» <http://24.kz/ru/news/social/item/222275-svyshe-300-tysyach-bezrobotnykh-trudoustroyat-v-kazahstane-v-2021-godu> (qarau uaqty: 10.12.2019) (elektronny resurs).
14. Youth employment rate% of youth labour force (15-24) [Elektronny resurs] // International Labour Organization. – URL: [http://ilo.org/global/statistics-and-databa-ses/research-and-databa-ses/kilm/WCMS\\_422439/lang-en/index.htm](http://ilo.org/global/statistics-and-databa-ses/research-and-databa-ses/kilm/WCMS_422439/lang-en/index.htm) (qarau uaqty: 10.12.2019) (elektronny resurs).
15. Economic Report 2019 Edition [Elektronny resurs] // CIETT. – 2019. – URL: <http://www.ciett.org/economicreport2019> (qarau uaqty: 10.12.2019) (elektronny resurs).

## ПРОБЛЕМА БЕЗРАБОТИЦЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ПУТИ ЕЕ РЕШЕНИЯ

**Естурлиева А.И.<sup>1\*</sup>**

к.э.н., доцент  
Каспийский государственный университет  
технологий и инжиниринга им.Ш.Есенова  
г. Актау, Казахстан  
e-mail: estur2@mail.ru

**Женсхан Д.<sup>2</sup>**

к.э.н., ассоциированный профессор  
Казахский агротехнический университет имени  
С. Сейфуллина  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
E-mail: azan\_tanat@mail.ru

**Мусина Р.С.<sup>2</sup>**

к.э.н., старший преподаватель  
Казахский агротехнический университет имени  
С. Сейфуллина  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
E-mail: rashka\_7878@mail.ru

**Аннотация:** В статье рассмотрено значение человеческого капитала для экономического развития Казахстана. В настоящее время в развитии государства вопросы в области интеллектуального потенциала и инноваций, производительности труда, подготовки кадров, их мобильности являются важными вопросами повестки дня на государственном уровне.

Дана схема распределения трудовых ресурсов. Отмечено, что некоторые вопросы рынка труда в Казахстане могут быть решены в рамках мер, направленных на формирование внутренней трудовой миграции. Проведен анализ основных показателей рынка труда Казахстана в 2017-2019 гг. Определена доля занятых в гендерном подразделении. В результате были выявлены причины безработицы среди женщин и молодежи. Даны рекомендации по развитию рынка труда.

Это демонстрация важности человеческого капитала, интеллектуального потенциала и инноваций для экономического развития Казахстана.

Анализ основных показателей рынка труда Казахстана, выявление причин безработицы среди женщин и молодежи путем определения доли занятости по возрасту и полу.

Развитие рынка труда в Казахстане обеспечивает предприятия качественными кадрами, в том числе: выявление причин безработицы среди женщин и молодежи.

Выявлены причины безработицы среди женщин и молодежи. Предложены направления развития рынка труда и качественной занятости. Для этого создать национальную систему прогнозирования развития рабочей силы; продолжить работу по развитию национальной системы квалификаций, в которой работодатели утверждают

требования к знаниям и компетенциям работников; поощрение официальной и продуктивной занятости; таких как создание эффективной модели трудового посредничества.

**Ключевые слова:** рынок труда, человеческие ресурсы, безработица, рабочая сила, безработица женщин, безработица среди молодежи.

## THE PROBLEM OF UNEMPLOYMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND WAYS OF ITS SOLUTION

**Esturlieva A.I.<sup>1\*</sup>**

candidate of economic sciences, Associate Professor  
Sh. Yessenov Caspian State University  
of Technology and Engineering  
Republic of Kazakhstan, Aktau  
E-mail: estur2@mail.ru

**Zhenskhan D.<sup>2</sup>**

candidate of economic sciences, Associate Professor  
Kazakh Agrotechnical University  
named after S. Seifullin  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan  
E-mail: azan\_tanat@mail.ru

**Musina R.S.<sup>2</sup>**

candidate of economic sciences, senior lecturer  
Kazakh Agrotechnical University  
named after S. Seifullin  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan  
E-mail: rashka\_7878@mail.ru

**Abstract:** *The article considers the importance of human capital for the economic development of Kazakhstan. At present, in the development of the state, issues in the field of intellectual potential and innovation, labor productivity, training, their mobility are important issues on the agenda at the state level.*

*The scheme of distribution of labor resources is given. It was noted that some issues of the labor market in Kazakhstan can be addressed in the framework of measures aimed at creating internal labor migration. The analysis of the main indicators of the labor market of Kazakhstan in 2017-2019 was conducted. The share of those employed in the gender division was determined. As a result, the causes of unemployment among women and youth were identified. Recommendations for the development of the labor market were made.*

*It is a demonstration of the importance of human capital and intellectual potential and innovation for the economic development of Kazakhstan.*

*Analysis of key indicators of the labor market of Kazakhstan, identification of the causes of unemployment among women and youth by determining the share of employment by age and sex.*

*The development of the labor market in Kazakhstan provides enterprises with quality personnel, including: identifying the causes of unemployment among women and youth.*

*The causes of unemployment among women and youth have been identified. Directions for the development of the labor market and quality employment were proposed. To do this, create a national system for forecasting labor development; continue work on the development of a national qualification system, in which employers approve the requirements for knowledge and competencies of employees; promotion of formal and productive employment; such as the creation of an effective model of labor mediation.*

**Keywords:** *labor market, human resources, unemployment, labor force, female unemployment, youth unemployment.*